

Түркістан облысының білім басқармасы

“Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі” МКҚК-ның 1-тоқсандық

ХАТТАМАСЫ

14.03.2024 ж.

Түркістан қаласы

Жиналысқа қатысқандар саны – 88 (сексен сегіз). Колледж әкімшілігі қызметкерлері, жалпы және арнайы пән оқытушылары.

Жиналыс төрағасы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Р.Пазылов

Хатшы: Жолдыхожа Ш.А.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ);
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ);
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ);

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтіндігі және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталғандығы туралы мәлімет беріп, тарау бойынша барлық баптарына түсіндірме жұмысын жүргізіп өтті.

1-тарау. Жалпы ережелер.

1-бап. Осы Заңда қамтылатын кейбір ұғымдарды түсіндіру

2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

3-бап. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы

4-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

5-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ) және қылмыстық кодекстің міндеттеріне тоқталды.

1. Осы Кодекстің міндеттері: адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

2. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін осы Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қандай қауіпті іс-әрекеттердің қылмыстық құқық бұзушылықтар, яғни қылмыстар немесе қылмыстық теріс қылықтар болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ) бойынша әрбір бөліміне жеке-жеке тоқталып, тараулары мен баптары туралы мағлұматты слайд барысында түсіндіріп өтті.

1-Бөлім. Жалпы ережелер

2-Бөлім. Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық . Жалпы бөлік .

3-Бөлім. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдар.

4-Бөлім. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу.

5-Бөлім. Әкімшілік жазалар қолдану туралы қаулыларды орындау.

Семинар соңында қатысушылардың сұрақтары жеке-жеке тыңдалып , жауап берілді.

Жиналыс төрағасы А.Ш.Асанов қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықпен күрес нәтижелі болу үшін бүкіл әлеумет, әр азамат оған қарсы тұруға шешім қабылдау керек, ал мемлекеттік басқару құзырлы әрі тиімді болу қажет, сонда ғана жемқорлыққа жол берілмесі анық деп, өз ойын айтып өтті.

Жиналыс төрағасы директордың
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Хатшы:



Т.Р.Пазылов

Жолдыхожа Ш.А.